

**АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ
П-МУА 013-19**

Екінші басылым

Астана қ., 2024

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы жас ғалымдар кеңесі (бұдан әрі – ЖҒК) туралы ереже "Астана Халықаралық университеті" ЖШС (бұдан әрі – АІУ) жас ғалымдар кеңесінің қызметін реттейді, оның қалыптасуы мен жұмыс істеу тәртібін, Кеңес мүшелерінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды..

1.2 ЖҒК – бұл АІУ жас ғалымдарының ғылыми белсенділігін қолдауға және дамытуға бағытталған Университеттің қоғамдық ұйым болып табылады.

1.3 Кеңестің құрамына АІУ-дың барлық Жоғары мектептерінің (бұдан әрі – ЖМ) және Педагогикалық институтының (бұдан әрі – ПИ) жас ғалымдарының жалпы құрамынан сайланған, Ғылыми-техникалық кеңеске (ҒТК) мүшесі болып табылмайтын өкілдері кіреді.

1.4 Кеңестің жалпы қызметін басқаруды Ғылым департаментінің директоры Бірінші вице-президенттің қадағалауымен жүзеге асырады. Кеңестің жұмысы ЖМ, ПИ және Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен үйлестіріліп, олардың қызметіне қолдау көрсетіледі.

1.5 Осы Ережеде айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін Кеңестің қызметі кеңестің міндеттерін шешуге мүдделі заңды және жеке тұлғалар беретін қаражат есебінен, сондай-ақ АІУ бөлетін ресурстар есебінен қаржыландырылады.

1.6 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар университет басшылығының шешімі бойынша АІУ заңнамасы мен ішкі саясатының өзгерістеріне сәйкес енгізілуі мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (43-1-бап);
- "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚР Заңы;
- "Ғылыми этиканың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығы;
- Астана Халықаралық университетінің жарғысы.

3 Белгілеулер мен қысқартулар

AIU	Астана халықаралық университеті;
ҚР	Қазақстан Республикасы;
ЖМ	Жоғары мектеп;
ПИ	Педагогикалық институт
ЖҒК	Жас ғалымдар кеңесі;
ҒТК	Ғылыми техникалық кеңес;
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ҚББ	Құрылымдық бөлімшенің басшысы;

4. Кеңес қызметінің мақсаты, міндеттері мен бағыттары

4.1 ЖҒК негізгі мақсаттары:

- жас ғалымдардың кәсіби өсуін ынталандыру;
- өзекті ғылыми мәселелерді зерттеу үшін олардың күш жігерін шоғырландыру;
- AIU-да инновациялық белсенділікті дамыту.

4.2 ЖҒК негізгі міндеттері:

- ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- ғылыми-инновациялық конкурстар мен жобаларды сүйемелдеу;
- AIU жас ғалымдарының ғылыми идеяларын жүзеге асыру үшін қаржыландыруды тарту.

4.3 Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін ЖҒК мынадай қызмет бағыттарын іске асырады:

4.3.1 Жас ғалымдардың кәсіби өсуін жандандыру және өзекті ғылыми міндеттерді шешу үшін олардың күш-жігерін біріктіру.

4.3.2 Ағымдағы оқу жылына арналған Кеңестің Ережесі мен жұмыс жоспарында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді орындау шеңберінде ЖМ/ПИ ғылыми-зерттеу жас ғалымдарын үйлестіру, мониторингілеу және талдау.

4.3.3 Әдістемелік және материалдық қолдау көрсете отырып, халықаралық журналдарда ғылыми мақалалардың жариялануын ынталандыру.

4.3.4 Жас ғалымдардың қатысуымен конференциялар, семинарлар, көшпелі мектептер, жетекші ғалымдардың дәрістер циклдары, көрмелер, форумдар және басқа да іс-шараларды қоса алғанда, ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

4.3.5 Ғылыми-инновациялық жобаларды әзірлеуді, пәнаралық зерттеулер жүргізуді және студенттер, магистранттар мен докторанттар арасында ғылымды танымал етуді қоса алғанда, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін дамыту.

4.3.6 Кадр резервін қалыптастыру үшін жас ғалымдардың деректер базасын құру және қолдау.

4.3.7 Жас ғалымдарды Қазақстандық және шетелдік гранттар, конференциялар, конкурстар және мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар ету.

4.3.8 Басқа жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың, оның ішінде шетелдік Кеңестерімен тәжірибе алмасу, бірлескен іс-шаралар өткізу және ғылыми жобаларды іске асыру мақсатында байланыс желісін қалыптастыру және кеңейту.

4.3.9 Отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы ғылыми жетістіктеріне арналған семинарлар мен іс-шаралар өткізу.

4.3.10 Кеңестің қызметін дамыту және университеттің жас ғалымдары үшін жаңа мүмкіндіктер ашу үшін сыртқы ғылыми, білім беру және коммерциялық қорларды тарту.

4.3.11 Қойылған мақсаттарға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

5 Кеңес өкілеттігі

5.1 Жас ғалымдар мен мамандарды қолдаудың тұтас жүйесін құру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу.

5.2 Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, университеттің жас ғалымдарының ғылыми әзірлемелерін қаржыландыру үшін инвесторларды тарту.

5.3 Ғылыми және қоғамдық қызмет мәселелері бойынша бастамалар жасау, сондай-ақ университеттің ғылыми жастарына қатысты шешімдер қабылдауға қатысу.

5.4 Өзекті ғылыми және ұйымдастырушылық мәселелерді талқылау және шешу үшін университет мамандарын, ғалымдары мен сарапшыларын тарту.

5.5 Жас ғалымдардың қатысуымен университет деңгейінде ғылыми іс-шаралар өткізуге бастамашылық жасау.

5.6 Жас ғалымдардың проблемалары мен қажеттіліктеріне байланысты мәселелерді университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына енгізу.

6 Кеңестің құрамы және қызметін ұйымдастыру

6.1 40 жасқа дейінгі АІU магистранттары, докторанттары және әртүрлі бөлімшелерінің өкілдері ЖҒК мүшелері бола алады.

6.2 Кеңесті төраға басқарады, оның құрамына хатшы мен Кеңес мүшелері кіреді.

6.3 Кеңес төрағасын, сондай-ақ кеңестің сандық және дербес құрамын Ғылым департаменті директорының ұсынуы бойынша АІУ Бірінші вице-

президенті бекітеді. Төраға үш жыл мерзімге тағайындалады және жыл сайын Кеңестің жалпы жиналысында есеп береді.

6.4 Кеңес хатшысы құжаттаманы жүргізуге, отырыстарды ұйымдастыруға және ішкі хат-хабарларға жауап береді.

6.5 Кеңес жыл сайын өз қызметінің жоспарын бекітеді.

6.6 Кеңестің шешімдері қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қабылданған шешіммен келіспеген Кеңес мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін білдіруге құқылы.

6.7 Шешімдер төраға мен хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

6.8 Кеңестің қызметі АІU басшылығының шешімі бойынша қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы тоқтатылуы мүмкін.

7. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

7.1 Кеңес мүшелерінің құқықтары:

7.1.1 Кеңес істерін басқаруға қатысу, Кеңес басшылығын сайлау және сайлану.

7.1.2 Кеңестің қызметі туралы толық және уақтылы ақпарат алу.

7.1.3 Кеңес отырыстарының күн тәртібіне енгізу үшін ұсыныстар енгізу.

7.1.4 Кеңес басшылығына оның қызметіне байланысты мәселелермен жүгіну.

7.2 Кеңес мүшелерінің міндеттері:

7.2.1 Осы Ережені сақтау және Кеңестің шешімдерін орындау.

7.2.3 Кеңес қызметіне белсенді қатысу.

8 Кеңестің жұмыс органы

8.1 Кеңестің негізгі жұмыс органы Хатшылық болып табылады, оған Кеңес мүшелерінен сайланатын хатшы кіреді.

8.2 Хатшы отырыстар туралы хабарламаны және қажетті материалдарды ұсынуды қоса алғанда, ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз етеді.

8.3 Хатшы мүшелердің ұсыныстары мен бұрын қабылданған шешімдер негізінде отырыстардың күн тәртібінің жобасын қалыптастырады.

9 Кеңес жұмысының принциптері

9.1 Демократия және ашықтық: ЖҒК-дегі шешімдер барлық мүшелердің пікірін ескере отырып, ұжымдық түрде қабылданады.

9.2 Ашықтық: ЖҒК қызметі университет қауымдастығының барлық мүшелері үшін ашық, іс-шаралар мен шешімдер туралы ақпарат қолжетімді.

9.3 Ынтымақтастық және серіктестік: ЖҒК Университеттің басқа құрылымдарымен және сыртқы ұйымдармен ынтымақтасады.

9.4 Кеңес мүшелерінің қызметін көтермелеу: оның қызметіне белсенді қатысатын Кеңес мүшелерін құрмет грамоталарымен марапаттау.